Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.48

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАСЫ МЕН АУЫЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШІ

Калменова Б.Т.

Қазіргі таңда біздің қоғамда қала мен ауыл-селоның әлеуметтік көкейкесті мәселеріне олардың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін, мүдделерін қамтамасыз етілуде. Олар, ең алдымен, қала мен ауыл-село тұрғындарының әлеуметтік-материалдық тұрмысын ұдайы жақсартуда, олардың мұң-мұқтажын жақсартуда, талап-тілектерін орындауда, жұмыспен қамтамасыз етіп, жұмыссыздықты жою, жалақыны көбейтіп, оны уақытында беріп отыру, жұмыс жағдайын жақсарту, еңбек керлердің бос уақытын, демалысын дұрыс ұйымдастыру, жас өспірімдерге лайықты тәрбие беру, білікті, сапалы маман кадрларды дайындау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау тұрмыстық қызмет көрсету, зейнеткерлерге ұдайы қамқорлық жасап отыру, мәдени-ағарту мекемелердің жұмысын ұдайы жақсартып жатыр.

2000-2005 жылдарда Қазақстан өкіметінің ауыл-селоны дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, бүгінгі таңда еліміздің селоларының жағдайы жақсаруда. Осы мерзімдердің ішінде Қазақстанның әрбір аймағында машина-технологиялық станцияларды, ақпараттық-маркетингтік жүйелерді салу, өндірілген өнімдерін өткізу жүйесін ұйымдастыру, малдың генофондыларын сақтау, олардың тұқымын асылдандыру және пайдалану, несиелік жолдастық ұйымдар құру, ауыл шаруашылығына инвестиция тартуда ынталандыру, ауыл шаруашылық өнімдерін өнідірушілердің ішкі нарығын қорғау, ауыл-селода тұрмыс қызметін көрсететін және оны қамтамасыз ететін инфрақұрылымды көлік, көлік жолдарын қайта құру және пайдалану, энергиямен жабдықтау, жаппай елді мекендерге телефон, газ жүргізу, сумен жабдықтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету әлеуметтік-мәдени мекемелермен қамтамасыз ету және денсаулық сақтау, білім жүйесін, бұқаралық мәдениетті, дене шынықтыру және спортты дамыту, шағын бизнесті және кәсіпкерлікті дамыту, т.б. мәселелерді орындалуда.Қазіргі уақытта қала мен ауыл-селоның экономикалық дамуы бәсекелестігінің негізі болып саналады.

Қорыта айтқанда жоғарыда көрсетілген қала және ауыл-село тұрғындарының әлеуметтік дамуының негізгі көрсеткіштері болып саналады.